

Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингі

Бизнес жүргізуді жақсартуға қатысты реформалар

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы бизнестің ахуалына ерекше көңіл бөліп келеді. Қазіргі таңда әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіру стратегиялық міндеті қойылған.

Дүниежүзілік Банк дайындайтын «Doing Business» рейтингі немесе бизнес жүргізудің жеңілдігін анықтайтын рейтинг еліміздегі бизнес-ахуалды жақсарту үшін қабылданатын реформаларды сырттан объективті баға береді.

Рейтинг негізі 10 индикатордан тұрады:

1. Кәсіпорындарды тіркеу
2. Құрылыс жүргізуге рұқсат алу
3. Меншікті тіркеу
4. Несие алу
5. Инвесторларды қорғау
6. Салық салу
7. Халықаралық сауда
8. Келісімшарттардың орындалуы
9. Төлеу қабілетсіздігіне рұқсат беру
10. Электрмен жабдықтау жүйесіне қосу

Осылайша «Doing Business» рейтингі кәсіпорынды ашудан бастап, оны таратуға дейін қамтып, кәсіпкерліктің тұтастай тіршілік кезеңін сараптауға мүмкіндік береді.

Мұнымен қоса, «Doing Business» Дүниежүзілік Банк сарапшыларының кәсіпкерлер сауалнамасындағы пікірін ел үкіметінің нақты жүргізетін реформаларымен салыстыру негізінде қандайда бір мемлекеттің бәсекелестік артықшылығы мен инвестициялық тартымдылығы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

«Doing Business» бағалауына қатысатын мемлекеттердің саны әрдайым артып отыр.

«Doing Business» келтіретін барлық мәлімет жыл сайын жаңарып, баяндамада және russian.doingbusiness.org сайтында жарияланады. Сол мәліметтер тиісті жылдың 1 маусымындағы жағдайды көрсетеді және жаңа ақпарат түскенде қайта қаралуы мүмкін. Мәліметтердің келісілуін қамтамасыз ету үшін қайта қарау бұрын жарияланған баяндамаларды қозғауы ықтимал.

Былтыр және биыл бизнес жүргізуді жеңілдетуде ҚР Үкіметі мен «Атамекен» ҚР ҰКП бірлесіп, айтарлықтай жұмыс атқарды және заңнамалық актілерге бірқатар тиісті өзгертулер мен түзетулер енгізілді. Бұл мәліметтерді төменде көрсетілген таныстырылымнан көруге болады.

Шұғыл байланыс телефоны жұмыс істейді: 8 (7172) 91-93-58, 91-93-18